

Нұрболатқызы Аружан

e-mail: aida030489

**Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Қарағаш ауылы
«Жамбыл Жабаяев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Жұмыстың тақырыбы: Сиқырлы ағаш пен ағайындылар

Жұмыс номинациясы: Замандас ертегіші

Байланыс телефондары: 8778 919 97 32

Мұғалімі: Малгеждарова Аида Талгатовна

Сиқырлы ағаш пен ағайындылар
(ертегі)

Ерте, ерте, ертеде үш ағайынды жігіт болыпты. Олар атанасымен өте кедей тұрыпты. Әкесі нанға ақшаны әрең табады екен. Кенже ұлы ағаларына қарағанда ақылдырақ, ал екі ағасы байлық туралы ғана ойлайды екен. Бірақ үшеуін бір ортақ ой біріктіреді екен. Ол – кедейшіліктен байлыққа еңбексіз жету. Бұлар әкесі мен анасы қайтыс болған соң да жұмыс істемепті. Нан алатын ақшалары таусылыпты. Сонда үлкен ағасына бір ой келеді:

- Бауырларым, біз бұрынғыдан да қатты кедейшілікке ұшырадық. Тіпті нан алатын ақшамыз қалмады. Бұдан шығатын бір жол табу керек. Мен біреуден мынаны естігенім бар еді: «Ауылымыздың маңындағы асқар таудың төменгі жағындағы ну орманға барып, сол жердегі екі айрық жолдың біріне түсіп жүрсең, таудың арғы жағына өтесің. Ал сол жерде сиқырлы ағаш бар екен. Сол ағаштың астында кім бір түн ұйықтаса сол бірден бай болып шыға келеді екен», - дейді. Сонда ортаншы ағасы тұрып:

- Онда не тұрыс?! Тезірек сол сиқырлы ағашқа аттанайық та, - дейді. Ал кіші інісі болса:

- Біз бұндай алыс жолға қалай аттанамыз?! Тіпті сапарымызда тоқтап аз да болсын ауқаттанып алатын тамағымыз да жоқ. Ол асқар таудың ар жағына жеткенше аштан өліп қалмаймыз ба? - дейді. Ағалары оның айтқанын тыңдап:

- «Ас атасы – нан» деген сөз бар емес пе?! Ескі, қараусыз қалған диірменге барайық. Мүмкін ішінде аздаған бидай масақтары шығар. Соларды алып, жаңадан салынған диірменнен өткізіп, ұн шығыртып алайық. Сол ұннан өзімізге нан пісіретін боламыз, - дейді. Сосын үшеуі диірменге барады.

Барып қараса, оның ішінде көптеген бидай масақтары бар екен. Олар қуанып кетіп, оны диірменге барып өткізеді. Диірменші ақысына жарты мөшек ұн алып қалады. Ал ағайындылар қалған жарты мөшек ұндарын алып, үйлеріне келіп, нан пісіреді. Сөйтіп, наны мен суларын алып, алыс жолға аттанады. Асқар таудың аяқ жағында орман ну екен. Ағайынды үшеуі орманнан өтіп келе жатып екі айрық жолды көреді. Оның екеуі де сиқырлы ағашқа дейін апарады екен. Бірақ ол ағашқа бару үшін таңдау жасауы керек болады: бірінші жолды таңдасаң бай боласың, екінші жолды таңдасаң денсаулығын мықты болып, өте ұзақ жасайсың. Сөйтіп үлкен ағасы мен ортаншы ағасы ойланбастан бірінші жолға түсіп, інісін тастап, кетіп қалады. Ал інісі ұзақ ойланып, мынандай бір шешімге келеді:

- Мен байлықты таңдасам бай боламын. Бірақ ертеңінде мен науқастанып, өліп қалсам байлықтың қандай пайдасы болады?! «Денсаулық – зор байлық» деген сөз бекер айтылмаған ғой – деп ойлайды да, екінші жолға түсіп жүріп кетеді. Жүріп, жүріп келеді. Әйтеуір үш күн, үш түн дегенде сиқырлы ағашқа да келіп жетеді. Сонда бір түн түнейді. Түнде түсінде оған бір үлкен қария келіп:

- Әй, балам, мен сенің таңдауына ризамын. Осы жерге көптеген адамдар келіп, еш еңбексіз байлыққа жетуді ғана көздейтін. Мен адамның осы көрсеқызарлығы үшін оларға тек жеті күн өмір беретінмін. Ал сен екінші жолды таңдаған бірінші адамсың. Ғұмырың ұзақ болсын! Міне мына сары алманы же, сонда ұзақ өмір сүріп, денсаулығың мықты болады» - дейді.

Сонда жігіт тұрып: Рахмет! Ал сонда менің ағаларымның жеті күн өмірі қалғаны ма?! Олар мені жалғыз қалдырып кетсе де, олар менің туған ағаларым ғой. Бұл жағдайдан шығатын жол бар ма, ата?-дейді. Қария болса:

- Иә, балам, бар. Міне мына қызыл алманы ағаларыңа берсең олар бұрынғы өмірлерімен өмір сүретін болады. Бірақ олар мына алманы жеместен бұрын өздерің таңдаған нәрселерден бас тартулары керек, -дейді.

Жігіт болса:

- Ата, мына сары алманы алыңыз. Мен ағаларымды құтқару үшін бәрінен бас тартуға дайынмын, -дейді. Қария алманы алады. Сол кезде жігіт ұйқысынан оянып, жан-жағына қараса қария жоқ. Тек қолында бағана түсінде көрген қызыл алма ғана қалыпты. Жігіт ағалын іздеу үшін алыс сапарға шығуы керек болады. Ал оның тамағы таусылған болатын. Ол жақын маңдағы қалаға барып, күні-түні тынбай жұмыс істейді. Ақырында төрт күн өткен соң алыс жолға шығуға жетерліктей ақша жинайды. Сөйтіп ағаларын іздеуге шығады. Ұзақ жүреді. Екі күн өткен соң ағаларын табады. Үшеуі қуанып көріседі. Сосын інісі ағаларына қарияның айтқандарын айтып береді. Ағалары інісінің айтқанын тыңдап, байлықтан бас тартады. Әрине, оңайға тимейді. Бірақ ағалары өмірдің байлықтан қымбаттырақ екенін түсініп, бағанағы қызыл алманы жейді де аман қалады. Сөйтіп үшеуі де еңбексіз байлыққа қол жеткізудің мүмкін емес екенін түсінеді. Олар ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, дәулетті адамдарға айналып, ұзақ та бақытты өмір сүреді.

- Міне, осы ертегінің өзі еңбек ету керек екенін, «Еңбек түбі – зейнет», «Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ» екенін көрсетеді. Ертегім бітті, ел мұратына жетті.